

Казталов ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 ақпандағы № 47 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 ақпанда № 6041 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Казталов ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 4 мамырдағы №142 "Казталов ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5665 тіркелген, 2019 жылы 27 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) және 2019 жылғы 22 тамыздағы № 330 "Казталов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № 142 "Казталов ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5773 тіркелген, 2019 жылы 28 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Е.Ескендиров) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А. Есалиев